

ДӘУЛЕТ ЖАДЫРАСЫН. ӨЛЕҢДЕР ЖИНАҒЫ

Тығылмақ

Ұстап тұра алмайсың ғұмырды әттең,
Ол кездері өтетін күн ырғақпен.
Көрші үйдің ұл-қызы бізге келіп,
Күн батырып қайтатын "Тығылмақпен".

Кезек енді менімен кетті ұласып,
Бір, екі, үш деп санадым бетті басып.
Қуыс-қолтық іздеп жүр, тығылуға,
Екі аяғын достарым епті басып.

Көзімді аштым, іздеуге кірістім де,
Таба алмадым, тарылды тыныс мүлде.
Таппай келем достарды содан бері,
Ой үстінде жүремін, мұң үстінде.

Айналып кетті арманым алдамшыға,
Іздегені келмеді "барлаушыға".
"Тығылмақпен" жоғалған балалармен,
Балалығым тығылып қалды-ау, сірә.

Содан бері, жаным бір жылымады,
Жоқ іздеген бейбақты кім ұғады?
Көңілдің көктемі де қалды сонда,
Үнемі көкейге ой тығылады.

Қол сілтегім келеді деп құрысын,
Көп нәрседен құр қалып кетті уысым.
Жасырынар жер таппай қалғаны ма,
Көр ішіне тығылды көп туысым.

Шырылдайтын жабырқау жүрегім-ай,
Тығылмайтын достардың керегін-ай.
Тығылмақ ойнап жүр ме әлде бізбен?
Тығылып көрінбейді неге Құдай?

Үмітімді үзгенмін келмес күннен,
Ғажайыпқа ендігі сенбеспін мен.
Тығылып түн ішінде өлең жазам,
Тығылмақ ойнамаймын енді ешкіммен.

Үрейленем көз жұмып қала берсем,

Арман жоқ, жарық Күнге қарап өлсең,
Тығылып бір бұрышта жылап алам,
Тығылмақ ойнап жүрген бала көрсем.

Қадір түнгі құпиям

Есімде қалғаны бір неше жайттан,
Ешкімді сендіре алмай есе қайтқан.
Құптанға құлағалы тұрған уақыт,
Құлаққа құйып ал деп шешем айтқан:

«Балам,
Менің емес, ел-жұрттың бұл дерегі:
Сәлден кейін киелі түн келеді,
Қалауыңды сұрасаң шын береді.
Қадір түні көз ілмей күткен адам,
Көреді дейді әйтеуір "бірдеңені».

Бірдеңені деді анам көңілдене,
Сұрамадым кім Қадір, не "бірдеңе"?,
Қадір деген ақсақал шығар мүмкін,
Аңыздарда жүретін небір көне.

Нұрланатын Алла деп анам талай,
Мұңданатын Алла деп анам талай.
Менің бала көңілім сонда ұққаны,
Құдай деген не сараң, не мәрт ағай.

Бала көңіл білмеді не көрерін,
Бала көңіл біледі не керегін.
"Бірдеңені" көрмей-ақ сездім іштей,
"Бірдеңеден" көсегем көгерерін.

Күткен түнім келді ақыр. Үй қараңғы.
Анам айтқан әлгі сөз мида қалды.
Тереземнен төгіліп әппақ сәуле,
Бөлмем бір сәт ерекше күйге оранды.

Әппақ нұрға айналды қара түнек,
Періштенің құшқандай қанаты кеп.
Күбірлеймін ішімнен қолым жайып,
Ерінімде елжіреп бала тілек.

Сол әппақ нұр сәл тұрып, өшті ақырын,

Өшті ақырын, дегендей қош батырым.
Қараңғыда мен қалдым, пердені де
сырғытуға жетпеген еш батылым.

Сүйіншілеп айтқанмен ертеңіне,
Ертеңіне сенбеді ел "ертегіге".
Солай құйттай құпия болып қалды,
Сенбегені жанымды өртеді де.

Сол құпиям кеудемде сақталды көп,
Қынжыламын мөп-мөлдір шақ қалды деп.
Қуанамын және де қабыл болып,
Әппақ нұрдың алдында айтқан тілек.

Көрінбеді қайталап сол "бірдеңе",
Қадір түні бөлмеме қонғыр неме!
Ақ сәулені жоғалтып алғаныммен,
Ақ ниетті адамдар толды іргеме.

Сый күтіп ең дегендей енді қандай,
Қамықтырды қанша түн "белгі" болмай.
Бүгін, сезем, бір бала көреді оны,
Сосын елді жүреді сендіре алмай.

Жылауықтөбе

Алыс жол емес еді шығыны ауыр,
Жиендерін аңсататұғын ауыл.
Нағашылар еліне себеп тауып,
Баратынбыз әйтеуір жылына бір.

Көкжиекке Күн барып құлағанша,
Жөнелеміз көлікпен жұма болса.
Төркінін сағынатын анам менің,
Төркіншіл емес еді бірақ онша.

Бала едім, ойын қуған, кешпейтін мұң,
Арасында оянып кешкі ұйқымның.
Жол үстінде айтылған әңгімеден,
Жылауықтөбе жайлы еститінмін.

Қадымдай жер қалғанда төбе таман,
Көзге жас алады екен кенет анам.
Көңілді толқытатын осы манды,
Сонда әкем Жылауықтөбе деп атаған.

Мен де мұны киеге келдім балап,
Сәттер өтті, себебін көрдім қарап:
Сол биікке шыққанда нағашымның
Көрінеді ауылы менмұндалап.

"Менмұндалап ауылы көрінгенге,
Соған бола анашым егілген бе?!"
сол төбеге сіндіріп анам жасын,
Кіріп бара жатамыз көңілді елге.

Қарап тұрсаң, ылди бір, төбе бірдей,
Бірақ сол жер кештірді неше бір күй.
Жылауықтөбе сіміріп алған жасын,
Көрсетпейді еліне шешем ылғи.

Жылауықтөбе дегенде Жылауықтөбе,
Жылауықтөбе мен үшін тұрақ көне.
Мен де анамдай аңсаймын ауылымды,
Жыламаймын көргенде бірақ неге?

Жыламаймын неліктен ел көргенде,
Сезім сөніп немене шер де өлген бе?!
Әлде соңғы Сағыныш - шын Сағыныш,
Сол Жылауықтөбеде жерленген бе?

Ақтарылу

Ана сенің балаң ойлы,
Ойсыздықты сүйетін.
Көңілі әппақ баладай-ды,
Қазір іші күйе кіл.

Алдырмайды теріске бой,
Қырсыққанда оң - шалғай.
Сенің ұлың періште ғой,
Перілігі дәл сондай.

Сендік ұлдың түйсігі бар,
Сүйсініп ал, анашым!
Жолы - түзу қисығы бар,
Жарасым, ә, қарашы?!

Сұрықсыздау түрім бүгін,

Сүйсінетін ұлың ем.
Жан-жүрегім жұлым-жұлым,
Пәк қалпымда туып ең.

Сері сынды сахнада,
Жерге түссе ел жерінген.
Сенің ұлың ақын, ана,
Ақылсыз боп көрінген.

Сәл құрметке ие бүгін,
Жыры болған соң ба, Ана?
Сені шексіз сүйеді ұлың,
Өзгермеген (өзгермейтін) сол ғана...

Ақ есек

Аппақ көңіл, әлде аңғалдық десек пе?
Нашар бопты ес білгеннен есепке.
Атам менің Асан Қайғы болатын,
Желмаясын алмастырған есекке.

Ары шықпай алақандай аймақтан,
Қолы тисе... тимесе де қой баққан.
Атам менің аңғал еді... достары
қаншығының туғанын да тойлатқан.

Сонадайдан көрінгенде аппақ шаң,
Ақ есекке мініп алған ақ патшам –
«әскерімен» кіріп келе жатады,
Алтын басың домалайды тоқтатсаң.

Дала сүйген дархандықтан десек пе,
Үйкүшіктей үйір емес өсекке.
Атам менің жақындаса ауылға,
Жүгіремін шаншығанша қос өкпе.

Мыңқ етпестен мәлиетін көзімен,
Жуас еді есегі де өзінен.
Есегіне мінгізсе атам, өзімді,
Есім шығып Ескендірдей сезінем.

Шар әлемнің шаң-тозаңын жасырған,
Атам үнсіз иіскейтін шашымнан.
Мәз боламын, мойыныма бір мезет,

Найза-сақал қадалатын тосыннан.

Бақытты едім, бала болдым қаршадай,
Шал да ерінбей шарлататын шаршамай.
Атам мінген ақ есектен үйрендім,
Биіктіктен қорықпауды мен солай.

Балақайдың тұңғыш мұңы десек пе,
Атам бір күн жатып қалды төсекке.
Содан бері қамшылаймын өзімді,
Содан бері шаншымайды қос өкпе.

Түкпір бөлме

Ұмыта алман ешқашан, ұмытпадым әлі оны,
Бала кезім болса да ішке жұттым “бәлені”.

Біздің үйде - ескі үйде үлкен әрі әдемі,
Маған жұмбақ, құпия түкпір бөлме бар еді.

Түкпір бөлме ішінде көкем, жеңгем, қос інім,
Той тойлатып жатқандай жауып алып есігін,

ынтық қылған. Ол мейлі болмаса да мұратым -
Бір тылсым күш сол жаққа тартатын да тұратын.

Іштей тынып, содан соң “кеткендігін есемнің”,
Ұмытамын ұйықтап құшағында шешемнің.

Қос ініме “заң” “жұмсақ”, маған “қатал” неге тым?
Сонда әйтеуір баруға кедергілер көп-етін.

Мысалы, әжем ентелеп ене кетсем бөлмеге,
“Емешегің үзіліп бара ма?” деп сөгетін.

Ашу келсе әжеме жағдайың қиындар,
Кіргенменен ол жақта қалуға ұзақ тыйым бар.

Қайтып шығам түсінбей, сол тыйымның сырын түк,
Көңілімде қалатын басылмаған бір ынтық.

Ешкім жоқта кіремін, аласы бар адамдай,
Дал боламын ішінен жоқ нәрсені таба алмай.

Бозбала шақ келгенде, (өкінерім сол, әттең)
Көшіп кеттік басқа үйге әкем, анам және әпкем.

Жұмбақ болып қалды ойда ескіргенше сол бөлме,
Жұмбақ болып қалды ойда ес білгенше сол бөлме.

Кейін білдім, қиыны, жеңге менен көкенің
мені өмірге әкелген әке-шешем екенін.

Сырын білдім, о, солай, маған кемшін теңдіктің,
Әжем неге ұрысты? Ұрысыпты (енді ұқтым):

“Жеңешесі құшаққа алып қояр ма екен деп,
Байғұс бала екеуін танып қояр ма екен деп”.

Той тойлатып жатса да жауып алып есігін,
Бір тылсым күш сол жаққа жібермейді осы күн.

Жасырғаны секілді түкпірдегі бөлменің,
Тұншығады бір ойлар түкпірінде кеуденің.

Ер жеттім де, ел кезіп, тұрақтадым жыраққа,
Түк бір маза бермеді түкпірдегі ой бірақ та.

Бәрін тастап өзіңе барам десем, Сыр елім,
Бір тылсым күш ұстайды перзентіңнің жүрегін.

Саған барсам, туған жер, болатындай “ұятты”,
Ескі үйдегі баяғы түкпір бөлме сияқты.

Көктем келді, не болды, өзгерді не?
Көрінбеген мезгіл ме бұрынырақ?
Бақыт әлде келем деп сөз берді ме,
Қанатына құстардың ілініп ап.

Көктем келді... келері анық еді,
Сағынышың неге әлі сарғаяды.
Көктем қашан оралмай қалып еді?
Көңілің ше? Көңілің сол баяғы.

Бүршіктеуі талдардың таң қылып па,
Қандырып па жүректі шөлден кепкен.
Қар ереді... еруі - заңдылық та,
Кетпей қалар дейсің бе келген көктем.

Көктем келді... ештеңе өзгерген жоқ!
Өзгерер деп ертеңге қарама құр.
Саған ешкім ешқашан сөз берген жоқ,
Көктем келсе - келген ғой далаға бұл.

Бәз-баяғы тіршілік, тағы мұңлы ой,
Көншіді ме көңілің соққаннан сен.
Көктем келсін, келмесін, бәрібір ғой,
Өз ішінде қар жауып жатқаннан соң.

Қызғанғандай аңғалдың "аз күнәсін",
Қара ағаштың қара жел "жазды басын".
Жоқтау айтып жамырап жапырақтар,
Күбір-күбір оқып тұр жаз дұғасын.

Өз дұғасын оқып тұр ол байғұстар,
Қайтады ертең бірі де қалмай құстар.
Күз төбесін көрсетіп келеді, эне,
Ол төбенің артында таудай қыс бар.

Мезгіл сүйіп жатқанда мас қаланы,
Жұбатады жаныңды жастар әні.
Жаз кеудеге көшкенін байқадың ба?
Байқадың ба жаз енді басталады!

Қабарады қатулы Көк те үн қатып,
Самаланың сапарын шектеп жатып.
Жапырақтар құламай топыраққа,
Жүрегінде бүрлесе неткен бақыт!

Күз дегенің күз емес - суытқан жаз,
Есі кетіп, болмысын ұмытқан жаз.
Желмен жолдап жан мұңын ыңырсиды,
Уысында уақыттың құмыққан саз.

Мекеніңнен кете алмай мың ойланып,
Өмір өтер, Мұң - іште, Құдайда - Үміт.
Төрт мезгілге соқтырып төбемізді,
Шекараның ішінде шыр айналып.
Өмір өтер...

Күзгі сәт

Сабылған адам, ағылған көлік,
Тірлікке тылсым тағылған көрік.
Бақылап келем баяулай басып,
Жапырақ жырды жанымнан бөліп.

Сүзіп ойларды сағымға қарап,
Сәулесін күннің лағылға балап.
Алтын найзалар қадалып жерге,
Алып бұлттардың жанын жаралап.

Кенезем кеуіп, нұрды еміп келем,
Табиғат сынды түрленіп келем.
Ағаштар анау бояп алыпты,
Жапырақтарын Күнге еліктеген.

Солғын беттер бар жығылған Күзде,
Жып-жылы неткен жымиған жүздер.
Барлығын қалай қияды екенбіз?
Ғапыл қалғанда ғұмырдан біздер.

Жер құшағынан берілсе қабір,
Тағдыр ажалға жеңілсе шағыр.
Мынандай сұлу тіршілік үшін,
Сүйіп алар ем, көрінсе Тәңір.

Жайдары жырды жүктесін жүрек,
Бір түйір сырды бүкпесін жүрек.
Тылсым көшені қимай келемін,
Жұмбақ жолымның бітпесін тілеп.

Шомылған шақта Құбыла қанға,
Реңім қашып іңір ауғанда.
Тәңірім бүгін құтқарды қимай,
Өлімге шыққан ғұмыр аулауға.

Нәр еміп Күннен шақалақ тәнім,
Алла бұйырса атар ақ таңым.
Табиғат, сенен сезініп алам,
Өмірге менде махаббат барын.

Сағыныш. 2020.

Қысты, қалай сағынбайсың, ақ қарды?
Қаңтарда бір байқалмайтын бақ бар-ды.

Қар суына малып-малып алсам ғой,
Қаралы жыл салып кеткен дақтарды.

Қос аяғым қатқанынша қар кешем,
Әр тілекке көтерілсе әр кесем.
Бояуы аққан Әлем-Қыздың бейнесін,
Шыршаларға шам жаққандай әрлесем!

Содан кейін, бетпердесі шешілген
Жаңа жылды күтсем туыс, досыммен.
Есіркейтін ешкімің жоқ Ескі жыл,
Есіргенің шықпады ма есіңнен?!

Көктамырын балта шапқан қалалар,
Қоршаулардан қорқа соққан балалар.
Алда-жалда Аяз ата кеп жатса,
Адамзатта жалғыз тілек ғана бар.

Қар жауса екен, қар жауса екен мақтадай,
Адам біткен толастамай, тоқтамай.
Емірене құшсам сонда бәріңді,
Екі метр қашықтықты сақтамай.

Мөлдірлігі таңдағы тұңғыш нұрдан,
Жауыздың да жанына жыр құштырған.
Қайдан менің аруым шығады екен,
Қара шашқа сап-сары гүл қыстырған.

Жақындады, білемін, білінеді,
Жүрегімді қытықтап жылы демі.
Суы да оны сылдырлап Бұлақтардың,
Бақтардың да былдырлап тілі де оны,

жалықпастан айтады, шаршамастан,
құлағыма сыбырлап алшақ Аспан.
Қанша шайыр жырлады бұрын оны,
Бұрын оған жазылды қанша дастан?

Сол сәт туса бақытым еселенген,
Ақ жейдемді жолыңа төсер ем мен.
Неше жерден от шашу жарқыраса,
Бетховеннің сазы ойнап көшелерден!

Тәржімалап өңіме түс әлемін,

Меңгеремін содан соң құс өнерін.
Мұғжизамды оятып неше жылғы,
Қанатсыз-ақ қалықтап ұшар едім.

Адамзатта болмаған алабөтен,
Жанарыңа қадалып қарап өтем.
Қарашығың мөлдіреп қарағанда,
Қанша ісімнен ұялып қалады екем.

Болады екен содан соң жазам қанша,
Сен күте тұр түйсігім тазарғанша,
саған арнап бір өлең ең кіршіксіз,
ең бейкүнә жүрекпен жаза алғанша.

Жүрші

Жарығы жоқ шамдардан,
Негізі жоқ заңдардан.
Жалықтың ба, жалғызым,
Жылуы жоқ жандардан.

Жыламайтын жақтарға,
Құламайтын жақтарға.
Аттанайық екеуміз,
Әлем кірпік қаққанда.

Мейірімсіз жанардан,
Еркіндік жоқ қамалдан.
Жан жылуы жоғалған,
Қара басқан қоғамнан.

Күндемейтін жақтарға,
Үндемейтін жақтарға.
Аттанайық екеуміз,
Әлем ұйықтап жатқанда.

Жүрші, жүрші соңымнан,
Сәуле-нұрдан соғылған,
Бір ғайыпқа кетейікші,
Ұста қолымнан!

Күлімдеші, қайғырмай,
Қанат қақшы жай тұрмай.
Құс Жолынан адасайық,
Табылмайтындай.

Екеуміз,
Уақыт шеңберінен шығып,
Шетсіз, шексіз кеңістікке еніп кетсек қой,
Құдай әлі жаратып үлгермеген,
Тап-таза әлемге.

Тәнімізді Жерге қалдырып,
Ілкідегі Жан күйіне өтіп,
Көлеңкесіз кеңістіктің ең биік нүктесінен,
Құдайдың құдіретін тамашалап,
жаратылыстар жайлы,
аңыздар мен ежелгі кітаптар айтып бере алмайтын
Ғажайыпқа куә болайықшы,
екеуміз.

Нанымдар мен сенімдер пайда болмаған,
саналмаған, өлшенбеген тап-таза әлемнің
жаңа тұрғындарын қарсы алайық сосын.

Күлімдеп қарсы алайық!

Алматы. Жол.

Дедің сонда: үйге апарар жол қашық.
Жүрек - ғашық, жанар - ғашық, жан - ғашық.
Сенің үйің алыстасын, о, мейлі,
Жеткізбесін жолдарға жол жалғасып.

Алдымда кіл бүрлеп жатты гүл-үміт,
Артыма бір қарамадым бұрылып.
Жанарыңның ұшқынымен тұрды-ай бір,
Жан жүрегі Алматының жылынып.

Беу, Алматы, кең Алматы, нән шаһар,
Бірақ бүгін бола көрме сонша тар.
Созылшы бір, керілші бір, Алматы,
Мына сапар болу үшін мол сапар.

Мына сапар үзілмесін, үздірме,
Қайту жайлы ойламайық біз мүлде.
Есебінен жаңылыссын Уақыт,
Есептелсін бір секундті жүз күнге.

Бітті қиял. Шорт кесілді жол кенет.
Өзімді өзім алдап тұрдым сенбе деп.
Қош айтысып кіріп кетті үйіне,
Ең ізгі жан, ең әдемі, ең керек.

Тамырынан жұлып алып зұлым қол,
Гүл-үмітім нәзік еді, үзілді ол.
Сен не деген тап-тар едің, кең қала,
Сен не деген қып-қысқа едің, ұзын жол.

*Алматының аспанынан жұлдыз көрінсе менен бақытты адам
болмайтын шығар.*

Арудың әңгімесінен.

Неткен әппақ арман еді! Неткен сонша аңғал жан!
Қиялының қыр соңынан еремін деп алданған.
Айқұш-ұйқыш Алматының жолдарынан аумайтын,
Адасқақ жол жалғанда жоқ асатұғын арманнан.

Алаң қылып аспанына, Алатау ма алдаған?
Кім арудың жан қалауын жалғандыққа жалғаған?
Алматының жұлдыздары аспанда деп кім айтты,
Кейде соны түсінбейтін адамдарға таң қалам.

Қанша жастың көрсеткісі келіп бәрі көктен бой,
Қаншама аңсар, қанша үміт Алматыға жеткен ғой.
Мұңлықтардың мұң мен сырын көтере алмай қаланың
Құшағына жұлдыз ағып, аспан ауып кеткен ғой.

Ойын қылып ойыңды кім, өзгертті екен о бастан
Керім қыз-ау, кереметті көремін деп көз ашқан.
Қойынында жарқ-жұрқ етіп жайнап жатқан тіршілік,
Алматының аспаны жоқ, Алматының өзі - аспан.

P/s:

Алматының аспаны бар, анығырақ бар еді,
Алматының жұлдыздары, жұлдыз емес шам еді.
Алдамады арман сені, алдамайды айна да,
Қос жанарың - қос жұлдыз ғой ең жарық хәм әдемі!

Урания

Мүлде басқа мекеннен, мүлде бөлек,
ұшып келді нәп-нәзік бір көбелек.
"Ересекке" жетпеген "қуыршақ" ол,
Мен де ол кезде бір үйдің құлыншағы.
Қанаттарын қағады қатаймаған,
Сол сәт көздің ішінде от ойнаған.
сол сәт жүйкем ішінде "жеңіл" өлең,
еең бейкүнә сезіммен еміренем:
Айқара ашық қаңырап алақаным,
Көбелегім көлбеңдеп баратады.
О, не деген кірпияз жаратылыс!
(Өкініштің отына жанатын іш).
Аңсарымды аулауға алыстағы,
Талай мәрте келетін тор ұстағым.
Көбелегім көзіме көзін қадап,
Суыратын жанымның сөзін мадақ.
(Айналдырар денесін демде өлікке,
Қатыгез деп ойлай ма пенде біткен?),
Мендік арман сүйсініп ара-тұра,
Бар болғаны иіскеу қанатынан.
Қона алмасын сезсе де, текке құрып
О, менікі тозбайтын неткен үміт.
Бала күннің елесі - балаң әдет.
Ол есіме түскенде болам әлек.
Періштелер үркиді иығымнан,
Көбелегім-көркемім қона ма деп.

Жұбату жыры

Үміт, сені, білесің бе бүкіл дүние ұнатады,
Ұнатпаса көктемде неге талдар бүр атады?
мұз боп қатқан өзен-көлдер сылдырайды неге күліп,
Бәрі соның, бәрі сені жақсы көріп келеді, Үміт.
Неткен қыз! -, деп, бұл Құдайдан жер бетіне жеткен қыз деп,
Жаз да, қыс та ұнатады, ұнатады көктем, күз де.
Білесің бе, өлең жазып, төбемізге түн ауса, Үміт,
Қыс деген Ұл терезеңе кетеді ылғи қырау салып.
Күтер сені жолың тосып Жаз құшағын айқара ашып,
Ақ бетіңнен сүйеміз деп Күн нұрымен Ай таласып.
Шашып талдар жапырағын, қашып алыс құстар да Ойдан,
Күңіреніп сүйер сені күрең мұңды Күз сарғайған.
Үміт, сені, білесің бе, Құдай қатты ұнатады,
Ұнатпаса неге сені, жылатады, жұбатады?
Нұрдан жарық, сүттен аппақ екен-ау деп бұл қыз тіптен,

Аспан жақтан үңіледі жымың-жымың жұлдыз біткен.
Аспан жақта аңсайды ылғи Күн де, сосын Ай да сені,
Күнде азанда оянады көремін деп айна сені.
Әр киімнің күтеді үнсіз ақ денеңе киілгенін,
Саған құмар сен сүртінер сүлгілер де үйіндегі.
Далап құмар ерініңе, көрпе құмар қойныңа,
Тарақ құмар қолаң шашқа, әтір құмар мойыныңа.
Тынбайды олар таңда, күндіз, тынбайды олар түн іші әлі,
Бар тіршілік саған ұнап қалғысы кеп тырысады.
Адам болып жаратылып келген сәттен Жер бетіне,
Бұл Өмірдің өзі ғашық сенің сұлу келбетіңе.
Күл әрқашан, күлкің сенің Жаратқаннан күй ғой жеткен,
Өмір сені сүйер шексіз, сен де өмірді сүй, бойжеткен.
Сосын тағы бір адам бар. түн ауса да төбесіне,
Неге өлеңді жазады екен, көз ілмейді о, несіне?
(Түстің бе екен сен есіне...)

Пәк түн

Сол түн ерек. Көпір үсті.
Көпір үсті лаулаған отым ішкі.
Ерініңнен сүйгенмін есім кетіп,
Ертеңі жоқ күндер-ай... өкінішті...

Астымызда ұзын жол көлге айналып,
Көпір Көкке апарар жолға айналып,
Тіл жалғанды, жанменен жан байланып,
Ондай таза, пәк сезім бола ма енді?
Ондай таза, пәк сүйіс болмайды анық.

Сол түн мұң да безген-ді бұл қаладан,
Жымың-жымың етеді жұлдыздардай,
Бағаналар басына нұр қадаған.
Аққан жұлдыз секілді көліктер кіл,
Қараңғыны қақ тіліп сырғанаған.

Көпірді алып қанатты көп періште,
Көкке ұштық па біз? Әлде Көк пе түскен?
Бәрі әйтеуір көрінді тек терістен.
Оң жағы ма бұл әлде дүниенің?
Оралам деп сөз беріп кеткем іштен.

Одан кейін көрмедім дәл ондай Түн,
Одан кейін таппадым «дәм» алдайтын.
Сәт екен ол ешқашан оралмайтын,

Оралмайтын, есіңнен жоғалмайтын.

Intuition

"сүйемін... сүймеймін...
сүйемін... сүймеймін...
сүйемін... сүймеймін..."

Жарқыным,
өзін іздеп, сезім іздеп,
өз жүрегінде адасқан.
Неге әуреленесің босқа?

Саспа:
егер екеуміз кездескен сәтте,
шыңылтыр аяз, салқын жел
сені тондырса,
кездескен сәтте
бесіндегі күн сәулесі күйдірсе,
түнді - түн,
кешті - кеш деп ұқсаң,
екеуміз кездескен сәтті
уақыт өлшемімен есептесең,
саспа:

Арамызда түк те жоқ,
естеліктерге айналған
арзан уақыттан басқа.

Тасқа жазылған өлең

*Золотому блеску верил,
А умер от солнечных стрел.
Андрей Белый*

Жылытшы деп жалбарынған,
Жанымды ұрдың суықпен.
Ада қылдың арманымнан,
Жиіркендірдің үміттен.

Жұтты-дағы соңғы демін,
Соңғы сенім жоғалды.
Жан-жарығым сөнді менің,
Қарашығым ағарды.

Саған енді сөзім біткен,
Жанарымда жоқ арай.

Қара тастан сезім күткен,
Қара өлеңнің обалы-ай...

Сен деп қаққан қанатымды,
Жалыныңа үйіттің.
Біз жолыққан қара түнді,
Қарғыс атсын, сүйіктім!

Тасқа неге өкпеледім,
Таста жүрек бола ма?
Мойын бұрмай кеткен едің,
Енді мүлде жолама!

Қарама енді! Өзге біреу
Құшағына бөлесін!
Қарап қалсаң көздеріме,
Қара тасты көресің!

Мүсін (экспромт)

Қалмаңызшы түсінбей,
Түсініксіз өзіме де ісім кей.
Суретіңіз, суреттегі бейнеңіз -
Сұлулыққа орнатылған мүсіндей.

Жанымды бір шөл қинап,
Сөйлеуге тіл келмей қап,
Леонардо до Винчи де салмаған,
Келбетіңді жырламақ боп мен бейбақ,

отырғаным тырысып,
бір өртеніп, бір үсіп.
Өн-бойыма от үрлейді суреттен
Афродита тынысы.

және өртейді анау ғажап от жанар,
Сізді көрсе
жұмақ болар бақшалар,
ал жарлылар жалт етеді жалғаннан,
Қазынасын тәрк етеді патшалар!

Бұйра шашы - Сахараның құмындай,
Жылтыр кеуде - Жүмекеннің жырындай.
Аспа құмда адассам ғой қолыма ап,

Жүмекеннің жыр кітабын сығымдай...

Адассам ғой, іздемесін, о, сосын!
Адасқан соң табылу да - аса сын!
Сұлулықтың мүсінінің жанына,
Ессіз ақын ескерткішін жасасын!

Сізді ойласам, жаным - жыр, санам - өлең,
жарасамын іштегі жараменен.
Сізді ұмытам деймін де, сәлден кейін,
Ұмытуды ұмытып қала берем.

Жарық айдың астында жұмсақ күліп,
тұрушы едік, көңілді түн шат қылып.
Бізден ағат кетпеді бір болуға,
Бір болуға жетпеді бір сәттілік

Қалың ойға батырған қап-қара түн
Сіз бар кезде момақан боп қалатын.
Сүйгендердің аяймын уыс бағын,
Сүймегеннің астында тапталатын.

Ұмытшақ

Бұрынғыдай бейкүнә көктем күні.
Тек, тек оның өзгеріп кеткендігі...
Жүрегі бар ғой оның... бар еді ғой
өткен жылы?

Адастырып кетті ме тағдыр бұлдыр?
(Тосын сыйын сездірмес ол бір құрғыр).
Жүрегі бар ғой оның, соғып тұр!
Тек... салдыр-гүлдір...

Соғып тұрса болғаны – жарайды оған.
Өмір сүреді екен ғой солай да адам.
Жүрек пе екен, ол қазір құр ет пе екен,
Қан айдаған.

Ізгілігі сөгіліп іргесінен,
Аулақ кетіп мөп-мөлдір мұң көшінен,
Шығарып алған екен өзін-өзі,
Мүлде есінен.

Сезім аралас нәсер төккенде,
Мөлдір мұң келіп көшемді өпкенде,
Есер тағдырға есем кеткенде,
Еріксіз сені есіме аламын.

Еліткен шақта кеші қаланың,
Деміккен шақта өшіп алауым.
Торыққым келмей тағдырдан мынау,
Көріктім сені есіме аламын.

Аспанның көзі жылап жатқанда,
Көңіл ішіне қырау қатқанда,
Беймаза ойлар мың аунатқанда,
Еріксіз сені есіме аламын.

Ұласып қалау есіл арманға,
Сағыныш көзге көшіп алғанда,
Сонау көктемді есіме алғанда,
Сені де, жаным, есіме аламын.

Метрофобия

*Мне страшно с Тобой встречаться.
Страшнее Тебя не встречать.
Александр Блок*

Мен күнделікті
әлдебір тылсымнан үрейленемін.
Үрейдің нәтижесі секілді – сөз, ұйқас, әріп.
Мен - бейне бір сужүректігін жасырып,
қорқынышына қарсы жүгірген ғаріп.

Болмашы сәулемен,
өлмеші үмітпен жортамын,
Іңірге ілігіп, жүгімді артамын түнге.
Мен, бәлкім, жазудан қорқамын,
жаза алмай қалудан қорқамын мүлде.

Өмір де - өлімге ұмтылыс жолы.
Тәнімді неліктен
түндерден таңдарға артамын,
мың жолдың соңы
ажалмен бітерін білсем де,

ұқсам да соны?

Мен көздерден қорқамын,
Қарағым келетін мәңгі.
Мен сөздерден қорқамын,
Қаламым төгетін әлгі.
Мен толқыннан қорқамын,
Батудан теңізге терең.
Мен «қорқудан» қорқамын,
Сондықтан сені сүйемін, өлең...!

Split personality

Барар жерін білмейтін жүргінші едім,
Бір күн күдік жеңеді бір күн сенім.
Ұрттап-ұрттап аламын,
О, сол шақта,
Жапырағы жұлынған гүлдің шерін.

Көкжиекте ақырғы шұғылаға,
Ұқсаймын да басымды бұғып алам.
Әлдебіреу күрсініп, шылымының
Қызыл шоғын үрлейді құбыладан.

Қадам бассаң қарсы алар қақпан оқыс,
Іңір келді, ібіліс шаттана түс!
Көп бояумен әрлеген көңіл-күйім,
Ақшам туса қайтадан - ақ-қара түс.

Көшелерден іздеймін көңілді ырғақ,
Сағат тілі барады өмірді ұрлап.
Қоштасу да қоштасу көз ашқалы,
Әне, тағы біреу тұр қолын бұлғап.

Ойлар, ойлар қоршады оянғалы,
Құр сұлдерім сол баққа аяңдады.
Көз жасыммен суарам шөбін, гүлін,
Мұңлы әуенді жаңғыртып қоям-дағы.

Сосын кері қайтады құр сұлдерім,
- Жо-жоқ, мен жыламадым, күрсінбедім
деймін де, домбыраға салып қоям,
Жан мұңын, жүрегімнің дүрсілдерін.

Қайта ішімнен оянып бұрынғы адам,

Айтып отыр екенмін ыңылдап ән.

Мен - Гүлмін, жапырағы жұлынбаған,
Құдайым, не болды екен бүгін маған...

Диссоциация

Өмір түбі жалғасатын сыңайлы,
Уақыт қана алмасатын сыңайлы.
Бір балақай иемденіп бүгінді,
Сәби орнын шал басатын сыңайлы.

Басқа мүлдем сипат алып бас-қайғым,
Жаңаша өмір - қараша өмір бастаймын.
Күндерімді, жылдарымды аяулы,
Бәрін, бәрін балақайға тастаймын.

Сонсоң ол да ертең менше сүйеді,
Жан-жүрегі өртенгенше сүйеді.
Күйеді.

Енді өтпестей тарпаң басын жастықтың
Уақыттың құрығына иеді.

Ажал деген жасанды ойға алданып,
Адам біткен қабір қазар, қамданып,
Өлмейді адам. Ұмытады тек бәрін.
Сәби орнын басқан кезде шал ғаріп,
Өлім деген тайқып кету бәрі қалып,
Өмір деген қайтып келу таңданып.

Мендік өмір - ендігі өмір миымда,
Мидағыны жоғалту да бұйым ба?
Кешегімді кешпегендей адаммын,
Бір дәуірді ұмыт қылу қиын ба?

Өмір түбі жалғасатын сыңайлы,
Шақтар ғана алмасатын сыңайлы...

Жаңылыс

Екіжүзді елестерге күйгесін,
Жанарымнан жалықтым.
Көл бетіне түскен айдың бейнесін,
Ай екен деп қалыппын.

Ай екен деп секіргенмін сеніммен,
Тереңіне түсіппін.
Репеті раушандай көрінген,
Тікендерді құшыппын.

Бақытсыздық дедің бе, сен, көзіңнің,
Мөлдір жасын бұлауды.
Мен күлудің ауырлығын сезіндім,
Жеңілдігін жылаудың.

Ғұмырыма байланғандай жаңсақтық,
Өмір есік ашқаннан.
Астымдағы бақытымды аңсаппын,
Алып ұшып аспаннан.

Медет екен жаның қалса мұнайып,
Пейіл үні адамның.
Ұқтым енді екенін тек шынайы,
Мейірімі анамның.

Сен не деген сұмпайы едің, О, Сезім!
Шынайылық қайда бар?
Көрсетіңдер адамдардың өз-өзін,
Әй, алдамшы айналар!

Жалғыз

Жасыр, мөп-мөлдір жасыңды жасыр,
жанарды жұлдызбен сүртіп,
ашпашы сыр түк,
Аңғалды аямас адамзат және де аяусыз ғасыр.

Үйрен, үнсіздің халіне үйрен,
Бәрінде алдамшы бейне.
Менің де алдамшы бейнем.
Себебі, аңқылдақ күйімнен күйгем,
Сосын,
Жалғыздық... мен оны сүйгем.

Жылыт, жаураған жаныңды жылыт,
Ұмытып сағыңды сынық.
Кілтінді жоғалтып алшы, жүрекке жаса да құлып.
Мұныңды, сырыңды ақтар, Құдайға мінәжат қылып.
Жаныңа жеңілдік іздеу - қоғамға қажетсіз қылық.

Жұбат, өзіңді өзің тек жұбат,
Көңілің жатқанда құлап.
Өмірің өзіңе керек!

Жыми, тек қана жыми,
ішіңнен жылап...

Санақ

Ішім пысып, өткен түн, болашаққа қарадым:
Жер бетінде қалудың себептерін санадым,

Жебеу етіп жаныңа, Жер бетінде қаларлық,
Ондай себеп аз екен, саусақпенен санарлық.

Ішім күйіп, содан соң, тағы ойланып қарадым:
Жер бетінен кетудің себептерін санадым.

Жер бетінен кетуге табылады қанша мұң?
Санамадым, санауға жетпей қалды саусағым...

Шер

(Дәурен Тілеуханға)

Қыл арқанның үстінде ырғатылып,
Бір мақұлық "тірлі-і-і-к" деп тұр бақырып.
Саған қарай ұмтылам, сол бір дауыс,
Аяғымнан тартады шырматылып.

Сөзбен салып аяулы сырымды ұдай,
Өлең жазғым келмейді бұрынғыдай.
Жапан түзде жалғыз қап қойғандаймын,
Туа сала жоғалған туындыдай.

Жел аңдыған ақырғы жапырағын,
Қара ағаштай қимылсыз бақыладым.
Жүрегімде жылт еткен әлсіз отты,
Қос қолыммен қорғаштап отырамын.

Қариядай қалмаған түк дәрмені,
Қажыдым мен, ей, Дәурен, құтқар мені.
Неге менің аузымнан шығады ылғи,
Мың құбылған қоғамның жұтқан демі.

Бала күнім кеткелі - батпандай мұң,

ұзатылған апамдай ақ маңдайлы.
Әй, мен осы өліара шаққа түсіп,
Мең-зең күйде маужырап жатқандаймын.

Оят мені, қақым жоқ ұйықтауға,
Құлау үшін бермеген биікті Алла!
Күйік бар да - өлең бар, жоқ болса - жоқ,
Көтермеуге қақым жоқ иық бар да!

Жай отындай, жаз, Дәурен, жарқыл-өлең!
Мен тірімін, тірімін, марқұм емен.
Қанатымнан демеші, құстай ұшып,
Қайта жерге түспеймін - қалқып өлем!

Мешітбай Құттықұлының рухына!

Жанарын суалтқан, Аралдың зар-үні,
Аралдай қарымы, Аралдай дарыны.
Ажалда адамға айла көп,
Құттықов Мешітбай қайда деп,
Тәңірін тілдейді тілі жоқ балығы.
Тарасын рухыңа жырымның жарығы.
Армысың, Аралға арнаған ғұмырын,
Теңізбен тағдырлас, теңіздің нар ұлы.

Әр жырың теңізге оқылған дұғадай,
Бұл Арал сірә, бай, перзенті мынадай.
Табыттан орын ап, бақиға кеттің бе?
Тартылған теңізге, қарауға шыдамай.

Мешітбай өлген жоқ, иә, тірі,
Аты ұлы ақынның, себебі хаты ұлы.
Көзірдей халықты, көз ілмей күзеткен,
Адамның асылы, ақынның батыры.

Қабірде жатқанмен оралып кебінге,
Ақынды өлді деу - жаңсақтық, тегінде.
Тағдырдың дәм-тұзын сездіріп, аузыма түкіріп кеткенде,
Мен өлсем, жырласын дедің бе?

Сарғайма, артыңда сарқыт тұр,
От шарпып шабытым, шамадан артып тұр.
Аузыма тастаған түкірік тамшысы,
Кеудемде теңіз боп шалқып тұр.

Сен - мұхит, мен болсам - көлшікпін,
Тамшыны тамызып, өртімді өршіттің.
О, ата, Аралдың арнасы ұлғайды,
Сен әлі өлмейсің, тіріліп мен шықтым.

Бақытжан Қаһар досыма!

Ғадауат па - ғаламның тілін білген,
Көкейіңнің ішіне күбір кірген,
Сүйе-сүйе сұп-суық әлемінді,
Күйе-күйе, ішінде - шілінгір дем.
Кіре сала көрпеңе - кіреуке ойлар,
Іле-шала кірпікті іліндірген.
Сені сүйеп жүрген де - өлең, өлең!!!
Өлең, өлең - тағы да сүріндірген!
Жүксіз ауыр күдірет жүрегінде,
Жіпсіз құрық мойныңда құлын күннен.
Жаныңды жегідей жеп батпан ойлар,
Жанарың еді маған біліндірген.
Ақындықтың адамдық екендігін,
Аңқылдаған кейпіңнен ұғындым мен.
Таулы өлкеге тартқан ең тарпаң күйде,
Тарпаң күйде, көңілің дархан күйде.
Алматыдан шыққанмен алпауыттар,
Тағдырларын ойлап мен қорқам кейде.
Жаның бөтен екенін жалғандықтан,
Алғаш рет жүздесіп қалғанда ұққам.
Өз-өзіңе қол жұмсау ауыр күнә,
Өлең сенің - өмірің болғандықтан.

Боранға басу айту (Ұстазым Зәуреш Кинаятқызының рухына)

Ұзақ-ұзақ ақ боран ұлып жатыр,
Ұлып жатыр, бәрін де біліп жатыр.
Қайта оралып көзіме қанша мезет,
Соның бәрі жанымды тіліп жатыр.

Ұлып жатыр, даланың азасы ма?
Әлде айтпаған сөзімнің жазасы ма?
Жылап жатқан секілді бәрі, бәрі,
Түнек жұтқан сәуленің қазасына.

Керек еді ол, бәріне керек еді,
Амал қанша әруақ жебемеді,

Тереземді жұлқисың қайта-қайта,
Бірақ менің қолымнан не келеді...?

Өксігіңді баса гөр, Боран-Ана,
Перзентіңді табыста Жер-Анаға!
Мен жылады екен деп орала ма?!
Сен ұлыды екен деп орала ма?!

Көршінің қызы (пародия)

Көршінің қызы керемет еді,
Керемет еді жыл бұрын.
Қарапайымды бөлек етеді,
Қала дейтұғын құрғырың.

Үйі де сондай зәулім емес-ті,
Әкесі елдің бірі-етін.
Жалғыз-ақ қана жаулығын ескі,
Анасы тағып жүретін.

Қаладан сол қыз қайтып оралды,
Басында соры бес елі.
Қараша үйге қайғы боп алды,
Қаулаған елдің өсегі.

Әдетте, жылда бір-ақ соғатын
Жақындап кетті "жезделер".
Жылаған үнін құлақ шалатын,
Құлап жатқанда өзгелер.

Қараңғы түнде өкситін налып,
Қап-қара шашын тартқылап,
Есердің сөзін еститін халық,
Есіткен оны жоқ бірақ.

Ауылдан жаны жай таба алмады,
Қадірі кетті бес тиын.
Қалаға кетті, қайта оралмады,
Күңіреніп қалды ескі үйі.

Көршінің қызы қалаға кетті,
Жалғызы кетті қалаға.
Әке де кетті, ана да кетті,
өмірден,

Жыл сап араға.

Көршінің қызы керемет еді,
Әкесі оның жақсы адам.
Тағдырдың өзі келеке етеді,
Тарыққан шығар ақшадан.

Ауылдан біздің неге кетеді,
Терезесінде көп сынық.
Көршінің үйі керемет еді,
Жек көрем сені, Жоқшылық!

Қала, саған...

Қолына алып домбырасын,
Шырқап отыр қаңғыбасың.
Сіміретін сырымды үнсіз,
Шыршаңа да мәңгі жасыл,
Қарыздармын, Қостанайым!

Қарыздармын нешесіне,
Не берейін есесіне?
Алтынсарин, Абай, Гоголь,
Әл-Фараби көшесіне,
Қарыздармын, Қостанайым!

Қарап тұрып кептеріңе,
Сүйсінетін сәттеріме.
Сен сыбырлап айтқан сырды,
Жазып алған дәптеріме,
Қарыздармын, Қостанайым!

Қарағайлы орманыңа,
Қарабайыр жолдарыңа,
Қарашығы мөлдіреген,
Қайыршының қолдарына,
Қарыздармын, Қостанайым!

Жатсынбадым жығылып та,
Жақсыңдағы жылылыққа,
Сөзге тиген намысыма,
Көзге тиген жұдырыққа,
Қарыздармын, Қостанайым!

Тәңір маған сый еткен бе?

Кіршігі жоқ ниеттерге,
Үстіндегі тірілерге,
Астындағы сүйектерге,
Қарыздармын, Қостанайым!

Азық болған ілімі елге,
Жарасатын ұлы деуге,
Үстіндегі сүйектерге,
Астындағы тірілерге,
Қарыздармын, Қостанайым!

Базынамды айтам қайда?
Қараңдаршы, байқалмай ма?
Қайда қашып кеткен достар,
Қарыздарын қайтармай ма?

Мақсат жеңіп майдаланған,
Мен де талай ойда қалғам.
Сендегінің бәрі бірақ,
Жүрегімді байлап алған!

Симметрия

Алатау баба, көрдің бе оны сол таңда?
Мөлдіркөк аспан керіліп тұрған арқанда.
Қиыршық тастай елеусіз үйді жалға алып,
Тозаңдай тағдыр үңілді саған балконда.

Үңілді саған. Таза едің, Баба, тұнық ең!
Сумақай Уақыт жарықтың жылдамдығымен
сүйреді таңды. Тозаңдай бала, сенсең ғой,
аяды сонда, аяды сені шынымен.

Бөлініп шығып шайтанның қара бұлтынан,
Жаһанды жайпап, жайратып жатты бір тұман.
Шығыс-ананың жарылып кетті құрсағы,
Сұп-суық сәттің үркіген сұп-сұр сұрқынан.

Ақиқат - ару, тұманнан болған киімі,
Тозаңдай ұлдың көз алды бұлдыр - қиыны.
Көмескі көзін ашады қазір адамдар,
Бұлыңғыр дала, бұлыңғыр қала бұйығы.

Алатау баба, асқағым менің, атпалым,
Ол бала көрді, тұманды көрді қап-қалың,

аядай үйден, армандай үлкен Алыптың
қорғансыз, үнсіз бұлдырап бара жатқанын.

Еледің бе екен тозаңдай ұлды, елесен,
Ол сендей биік, ол сендей көркем, ең әсем.
Жүрекке бәрін сыйдырып тұрды сол ақын,
Кеудесін ғана, кеудесін құйттай демесең.

Жатқан кез Шығыс шақалақ күнді босанып.
Қартайып бірі, бірі тұр қайта жасарып.
Төңірек тұман, көкірек күмән. Ақыры
қоштасты-дағы, бұлдырап кетті қос алып.

Қала саған-2

Балалықтың соңғы ізін салып табан,
Қала, сенің қойнында қалып барам.
Бозбаламын баяғы, өзгермеген,
Қамықпаған көңілі, жалықпаған.
Нали көрме тасбауыр тастады-ау деп,
Ол дегенің мен емес, басқа Дәулет.
Мен сендікпін мәңгілік, мен мөлдірмін,
Ол кезбенің миында қоспалар көп.
Қоспадан ба, о, мүмкін, тағдырдан ба?
Қара басы неге үйір қаңғырғанға?
Қостанай-ау, ұстама, босат оны,
Жүре берсін, түссін де даңғылдарға.
Құшағыңа тұрақтап мен қаламын,
Мен өзіңдей көңілі кең баламын.
Өмір сүрем ендігі сәтке айналып,
Жүрегінде жыр біткен шерлі ағаның.
Тыныстаймын сәт болып, сезім болып,
Елес болып құрбының көзіндегі.
Сағыныш боп сүремін.

Босат оны.

Баса берсін қадамын өзі ілгері.
Басқан қадам апарар басқа арманға,
Жыр-ғұмыры ұласып дастандарға.
Қарашықта еріміз сен екеуміз,
Қаңғыбасың өткенін еске алғанда.
Уақыт оны шақтардан ұрлап алған,
Мысалы, анау балақай Сырда қалған.
Тағдыры ғой, тағдыры - тайғанақтау,
Сүрінуден тұратын, сырғанаудан.
Еске алғанда ізгі амал, «бал» күнәсін,

Сен де бірге жадында жаңғырасың.
Мен кезбеңнің мөп-мөлдір сезімімін,
Мекендесің, сырласың, мәңгі досың.
Күйсе келер сағынып, сүйсе келер,
Махаббатқа малынған ми-сана бер.
Жақсы адамдар, беу, шіркін, жақсы адамдар...
Мен несіне қорқамын жоғалудан,
Кеудесіне солардың сыйсам егер.

Еркіндік сублимациясы

Бақ деп ұққаным сорға айналған күні,
Сор деп ұққаным зорға айналған күні,
Қайсар ұлдар қайтпас жолға айдалған күні,
Тілім – тілім-тілім, қол байланған күні,
Құмар қара суға қанбай қалған күні,
Құмаршық та қолда қалмай қалған күні,
Шараналар туып шалға айналған күні,
Қара көздің жасы қанға айналған күні,
Жарық күнім ғаріп шамға айналған күні,
Шамның өзін көру зарға айналған күні,
Арман жолым ақыр жарға айналған күні,
Төңірегім тұтас торға айналған күні,
Бостандық,
Біз сенің атыңды атауға жасқандық.

Ата Заңым асқақ Арға айналған күні,
Ана тілім ақсақ сауға айналған күні,
Жоқтау, зарым бітіп, әнге айналған күні,
Дастарханым бүтін дәмге айналған күні,
Ішкен У-ым іште балға айналған күні,
«Шала» деген атым шалғай қалған күні,
Қайта тумас қазақ ханға айналған күні,
Жоғалтқандарым, тоналтқандарым
барға айналған күні,
Антым бұл –
Даңқыңды дастан қып,
Мен сені сүйемін, Бостандық!

Тағзым

«Ең ақырғы дұғаны» айтып дем солғын,
Есім жинап сәттерімде ең соңғы.
Қос қолыңмен көтересің сен келіп,
Езілуге шақ қалғанда еңсемді.

Соңғы құлаш сермеп қалып ағынға,
Сіңіп бара жатып әппақ сағымға.
Жармасасың, жан алқымға келгенде,
Жардан құлап бара жатқан шағымда.

Көркем гүлі көкке жеткен күбірдің,
Көрдім сені – өліп барып тірілдім.
Кеудемсоқтар адырнасын тартқанда,
Кеуденді ұстап қарсы алдына жүгірдің.

Зұлмат жылдар өтсе-дағы сүйектен,
Кемсеңімді көрсетпедім иектен.
Барың үшін тағзым жасап тұрамын,
Тас мүсінге маңдайымды сүйеп мен.

Көз алдымда көлбеңдеді көп арман,
Боданмын ба? - жаңылмадым Тобамнан.
Зарықтырдың, ғасыр күттім, оралдың,
Менің туған бауырымдай жоғалған.

Есігімді бұздырмайтын есерге,
Сенсің менің ортақ әкем, шешем де.
Неге екенін, сені жұлып кетердей,
Көлеңкемнен үркіп келем көшемде.

Тағдырымда бақыт - сенің барлығың,
Барлығыңда бар қадірім, бар құным!
Қардай нәзік алақанға кеп қонған -
Тәуелсіздік – жалғыз ұлы жарлының!

Серт

Мен,
Оғлан ұлы Отан есімді пейіштің,
Ұлы далада ұжданымменен ұйыстым.
Ақылды ананың төккен жасы үшін,
Батыр бабаның кеткен басы үшін,
Тәуелсіздіктің тізгінін ұстап,
Тосыратпауға тиіспін!

Уа, Жер-Ана,
Қасиет тұнған қазығым,
Абыз бабаның табаны тиген жазығым.
Іргеңді бұзбау маған серт,

Мүрдемді құшсаң разымын.

Аруларыңда тазалық,
Нар ұлдарың да намысын алмас қаза ғып.
Маңдайым қалсын топырағыңда қажалып,
Маңдай терімді телегей қылып төгемін,
Бостандық таңы болмауы үшін бозамық.

Жұмыр етімде жыр барда,
Қүдіретімде құн барда.
Басымды иіп Тәңірге және бұл маңға.
Жасын секілді жарқ ете қалсам арман жоқ,
Жастығым кетпей тұрғанда!

Құтан әулие жайлы баллада

Әулиеден көшті қайрат, кетті күш,
дегенді естіп жетті ұлыс.
Көзін сүзген нұры кеткен сұрқына
Ақыр сөзін айту үшін жұртына
Алып жатты тек тыныс:
"Әзіз елім, маған да бұл күн келді,
Әгәрәки ажал сөксе іргемді,
Жер қойнына бермес бұрын,
Түйеге артып жіберіндер мүрдемді.
Түйе қайда шөгеді -
сонда мені көмеді,
Осы болсын ел-жұртымның көмегі!
Онсыз маған жоқ тыныш!" .
Солай әулие депті-мыс.

Деген екен шығып жатып демі үзік,
Ағайынға ауыр қайғы жегізіп.
Мен Құтанды түсіне алмай келемін,
Өлгеннен соң түйе мінген не қызық?

Арман, арман, арман-ай,
Мына жайттың жұмбақ болып қалғаны-ай.
Арман, арман, арман-ай,
Неге? - дейтін бір пақырдың болмауы-ай.

"Неге? - деме, сұрақ қойма - Киелі,
Киелінің киелі ғой сүйегі".
Әзіз басын осы біздің аңғал жұрт,
Түсінгендіктен емес,

Түсінбегендіктен иеді.

Арман, арман, арман-ай,
Арманымның Құтан болып қалғаны-ай,
Арманымды артқан азаматтардың
Астындағы атан болып қалғаны-ай..

Нені көксеп кеттің екен Құтаным?
Кешір Аруақ! Қалың ойға батамын:
Неге біздің түсініксіз әулиелер?
Неге менің түсініксіз Отаным?

Алаңнан қайтқан солдаттар
(Сырбай Мәуленовтің
"Соғыстан қайтқан солдаттар"
өлеңінің ізімен)

Қатулы қабак қала тұр.
Қала іші шаң, қан – сан әтір.
Хабарсыз ұлын таба алмай,
Қан жылап байғұс ана тұр.

Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың,
Алаңнан қайтқан солдаттар.

Көтерген бәрін ауырдың,
Азамат еді арды ақтар.
Көрдің бе жарын арудың,
Алаңнан қайтқан солдаттар.

Тескенше бір оқ шекесін,
Сәбиге дамыл қылды өлім.
Үлгерді танып көкесін,
Ішінен қанша мүрденің.

Солдаттар, тілге келіңдер,
Ажары, әрі әр үйдің -
Шешесін тауып беріңдер,
Шырылдап жүрген сәбидің.

Жаралы – бірі, бірі – өлік,
Қанша үйге қайғы салды оқтар,
Барады үнсіз түнеріп,

Алаңнан қайтқан солдаттар.

Баспаға шағым

(утопия)

Әдебиет бағзы бүгін -

Құс үркек...

Туындылар - сия сору үшін тек.

Жандос Жүсіпбек.

Мақсаттары мезі ету ме, басқа ма?

Өлең-сөздің алқымы тұр аспада.

Ұлы ақынның қанмен жазған өлеңін,

Қап-қара ғып көшіріпті баспаға.

Масқара!...

(Жан әлемін ұғына алса жазудан,
Түркі бабам таңба салған тасқа да).

Дүрмекке, жету үшін жыр көпке,

Жинақ етіп жая салу міндет пе?

Бір ғұмырға сыймай кеткен ақынның,

Бір өлеңін сыйдырыпты бір бетке.

Көңіл сосын күйгелек...

Сыптай өлең кімге қандай сый береді(і).

Қолдан келсе қояр ма еді бейнелеп:

ай-күнін, қай жылы,

қандай күйде жазылғанын қай жыры,

күйінішті, қайғыны

сия үстіне сіңіп кеткен көз жасын
суреттеуден бастар едім сөз басын,

өз басым.

Сосын сия жұмсалмайды тек сорға,

(Тосын сый, ә, жыр жинағы көп шалға).

Мың ақын бар мынау біздің өлкеде,

Шын оқырман қалар еді тек сонда,

Шын ақындар қалар еді тек сонда.

Мұғжизаның тарлығы...

Бар болмысы, жан суреті, зар мұңы

бейнеленсе жан азабы, ой жүгі,

жанарының жаңбыры,

ақындардың тағдыры,

Баспа, баспа, баспандаршы басқалай,
Сөз қадірін сезу үшін барлығы.

Ең алғаш жазған өлеңім!
(Елорда жайлы баллада)

Ол кезде құйттай бала едім,
Болса да шатпақ, одағай,
Ең алғаш жазған өлеңің –
Астана болды деді ағай.

Астана болды деді ағай,
Ең алғаш жазған өлеңің.
Тақпаққа сыйған қалам-ай,
Тұранның дардай төрі едің.

Бардым да саған байқадым,
Биіксің, кеңсің, алыпсың.
Толтырып ауыз айтатын,
Толғауға жарап қалыпсың!

Есімде қалды осы анық:
Көрмей-ақ салғам көркінді.
Сол сурет үшін бес алып,
Аспанға атқам бөркімді.

Суретші болсын шалағай,
Өрескел болсын өнерім,
Қаламнан шыққан қалам-ай,
Даламның дархан төрі едің!

Бүгін де биік құрметің,
Бүгін де асқақ беделің.
Ең алғаш салған суретім,
Ең алғаш жазған өлеңім.

Ат қойғыш қазақ саған да,
Ат беріп қойды ең соңы.
Тіл келмей соған табанда,
Астана деймін мен сені

Астана деймін мен сені,
Кетсе де басым қосылмай.
Болсаң да биік, еңселі,
Ескіде қалған досыңдай.

Саған деп өлең құраған,
Ең алғаш ақын емеспін.
Жұрт барда бірақ жылаған,
Барлығы ғажап демеспін.

Айтқан соң қанша жан налып,
Өкпем бар саған аздаған.
Ақмола барып алданып,
Бозоққа барып боздаған,

Әпкенің талай шері едің,
Көңілі қайтқан көкем көп.
Ең алғаш жазған өлеңім,
Ең алғаш қатем екен деп,

Ойлаймын, рас, кейде мен.
Жұбанам сосын көрем де,
Ең алғаш салған бейне мен
Ең алғаш жазған өлеңді.

Болса да биік беделің,
Еліңнің барын біл, досым!
Ең алғаш жазған өлеңім,
Ең соңғы болып жүрмесін.

Сөнбесін мендік от-үміт,
Болмасын саған жат еге.
Екеуміз ғана отырып,
Сырлассақ, шіркін, кафеде.

Бауырыңа сенің сыямын,
Күлімдеп тұршы күні-түн.
Елордам алғаш қиялым!
Елордам өлмес үмітім!

Тағдырым болса, көремін.
Арманым болмас, о, мүлде -
Ең соңғы менің өлеңім,
Жазылса сенің төрінде!

АҚШ-қа хат!
(Зұлпыхар досыма)

Қостанайда сырласып ек біз кеше,

Үміт шынға айналады үзбесе.
Менде бәрі баяғыдай бауырым,
Қазақстан бір қалыпты, сізде ше?

Сізде қалай, бәлкім онда қысқа түн?
Жел үрлесе жете ме екен құс-хатым.
Аяғыңмен таптап алып жүрсің бе
Алпауыт ел - Америка Штатын?

Бәлкім, онда өмір басқа, заң басқа,
Қоғам басқа, адам басқа, жан басқа.
Бәлкім онда, намыс басқа, ар басқа,
Зұлпыхар дос, мақтанышым, марқасқа.

Ал АҚШ-та қатыса ма көрші үймен?
Бір біріне кіре ме екен ел сыймен?
Ал Нью-Йорк сұлу ма екен шын айтшы,
Сол қыздардан мен немесе сен сүйген?

Суретіңнен көрдім біздің байрақты,
Ол еріксіз жанарымды жайнатты.
Ұшақпенен аралапсың үстінен,
Әлем халқы армандаған аймақты.

Әй, бауырым, сен негізі еренсің,
Арманыма аяқ басам дегенсің.
Ол жақ жайлы біздің мына құрлыққа,
Оралғанда бәрін айтып берерсің!

Дұрыс шығар енді саған сөз берген,
Кереметті айта берші көз көрген.
Қазақстан сол баяғы қалпында,
Ештеңе жоқ өзгерген!

Әуесханның жауабы

Жазы дауыл, күзі дауыл,
Көшкен құмы бұйралы жақ.
Біздің ауыл - қызық ауыл,
Иманы бар, имамы жоқ.

Мешіті бар, атағы ірі,
қол бастаған қабырғалы,
бар қазақтың баһадүрі,
Жанқожаның атындағы.

Мұндай мешіт таптырмайды!
Мақтансам ба, арлансам ба?
Келген молда көп тұрмайды,
Көшпелі елден болған соң ба?

Биік күмбез, есік бүтін,
Қойған әрлеп, жарын бояп.
Молдасы жоқ мешіт бүгін,
Жолдасы жоқ арудай-ақ.

Қала жақтың молдалары,
Болғаннан соң "жалдамалы".
"Күні жақын" қариялар,
Мәселені қолға алады.

Сенім жоқ деп бұл ажалға,
Молда іздеуге бекініпті.
Кезекті бір құдажолда,
Әуекеңе өтініпті:

"Тиген сенің үлесің көп,
Мешітке көп кіресің деп,
Фатиха мен Ықыластан,
Басқа сүре білесің деп".

Қабылдар деп бұл "бақытты",
Қарап тұрды сенгендер көп.
Сонда Әуекең тіл қатыпты:
"Маған сеніп өлмеңдер" деп.

Мерей Қарт ағама (эпиграмма)

Ақындарда бола ма екен аз қайғы?
Аз қайғысы болмаса өлең жазбайды.
Мерей ағам Құран оқу сәтінде,
Молданы да шатастыра жаздайды.

Саусағымен ақын ағам атпалдай,
Бүйіріңнен түртеді кеп қапталдай.
Сақ-сақ күліп отырамыз соған біз,
Сәлделі имам сатира оқып жатқандай.

Жазбайды емес, нәзік өлең жазады,

Қасиетті Шығысымның қазағы,
Біссімиллә деп бастағаннан алайда,
Осы ағамның арқасы бір қозады.

Түсіне алмай отырғаным осыны,
Әй, осының бар екен деп не сыры.
Күлгендердің ертеңін де ойлаймын,
"Күлдіргеннің" тимесе деп кесірі.
Не де болса, бір Құдайдың шешімі.

Жауабы жоқ бұл сұрақтың жұртқа айқын,
Күнәһардай Құран сөзін ұқпайтын
Қорым жақтан қайтып бара жатамыз,
Құлшылықтың сезіне алмай түк "кәйпін".

Әлдеқайда биік жұрттан санасы,
Және ішінде жоқ ешқандай аласы.
"Күлу - сүннет" деген сөзді осы ағам,
Сәл басқаша түсінген-ау, шамасы.

Күнә болса кешіресің, Жасаған!
Ең бастысы болсын дейміз басы аман.
Басқа ағалар ұйып жүр ғой имамға,
Неге осындай боп қалды екен осы ағам?

Көз-Айна (экспромт)

Ей, есі бар Құдірет*,
Аноу Дәурен екеумізді бір рет,
Арулардың алдындағы немесе
Ақындардың алдындағы айна қыл.
Ая, Құдай, аңғалдарға әйтпесе,
Жетіспей жүр айла бір.

Жетіспейді бір айла,
Періштелер, жеткізіндер Құдайға.
Өттең, бәрін айта алатын бір тіл жоқ,
Айта алмайтын ақиқат бар мың ойда.

Періштелер, естісеңдер, айта бар,
Айналдырсын екеумізді айнаға.
Сұлуларға сұлу дейік жай ғана,
Сүйем дейік, сүйсінейік айна боп,
Қалтасынан тастамайтын қайда да.

Періштелер, естісеңдер, айта бар.
Айналайын, өздеріңсіз не етерміз?!
Адам болып уақытты,
Созып жүрміз бекер біз.
Айна қылсын Жан Алла,
Кілең қырттар алдымызда бой түзеп,
Шатпақ оқып тұрғанда,
Ай, бір күліп алайықшы екеуміз.

Бәрі бекер,
Екеумізде не күш бар,
Айна болып оянар...
Бүгін тағы көріксіз қыз боянар,
"Ақының да" бір мақтауға таянар,
Сөзімізге сеніп қала береді,
Көзімізге қарамайды-ау, әй, олар...

*Мейірхан

Кітап ұрлайтын достарға

Ей, менің досым, намысы берік, ұстамы,
Арын сақтауға жететін әркез күш-хәлі.
Кітапқа жақын, кітаптың досы болған жан,
Кітапхананың болмауы керек дұшпаны.

Оқы, жырт, боя! Осында тұрсын. Ұрлама!
Ұрладың екен, адамдық жайлы жырлама!
Алауын солай жаға алмай кетті білімнің,
Қалауын кеше таба алмай кеткен бір бала.

Ізгілік жайлы содан соң, досым, сөз етпе,
Ішімде қалды айтылмай қалған наз, өкпе.
Көзі ашық жандар керек қой, керек әлемге,
Ашкөздік бірақ әлемге мынау қажет пе?

Ұрласаң-дағы нешесін, мейлі, біреуін,
Ұрладың бірге біреудің ниет-тілегін.
Өресіз қоғам құрып жатсындар өздерің,
Өркениеттің жұлып жатсындар жүрегін.

Қойныңда кетті жана алмай қалған бір үміт,
Бір үміт, шіркін, келсе ғой қайта тіріліп.
Кітапхана да азады бір күн, азады,

Кітап секілді парағы қалған жұлынып.

Бұлай жинаған абыройы да, мақтаны,
Төгіліп түссін айрандай болып тап бәрі!
Бұл ісінді ақтап аламын десең, өзің біл,
Қай қылмыстың да табылады онда ақтауы.

Ей, менің досым, намысы берік, ұстамы,
Арын сақтауға жететін әркез күш-хәлі.
Кітапқа жақын, кітаптың досы болған жан,
Кітапхананың болмауы керек дұшпаны.

Екі "ішу"
(Светқали Нұржанның ізімен)

Ішу, ішу, бұл ішу - бөлек ішу,
Ал сізге, аға, расында, керегі - шу.
Біздің ішу - танысу, тіл табысу,
Сіздің ішу - қырылу, ерегісу.

Біздің ішу - мұң ішу, күйік ішу,
Сіздің ішу - көп ішу, сүйіп ішу.
Біздің ішу - біреуге құйып ішу,
Сіздің ішу - біреудің сыйын ішу.

Шалқып ішу, біздікі, балқып ішу,
Қанат жайып аспанда қалқып ішу.
Сарқып ішу, сіздікі, артық ішу,
Қолдан келсе, біреуден тартып ішу.

Сіз ішсеңіз, ештеңе өзгермейді,
Мазақ болып атыңа сөз келмейді.
Біз ішкенде - байқағыш жұрттың бәрі,
Сіз ішкенде - көрсоқыр, көзі көрмейді.

Тозақта бал - ішімдік - жұмақтағы у,
Жанға дәру, сіз үшін бірақ - қару.
Біздің ішу - біреуге сыр ақтару,
Сіздің ішу - бірдеңе сұрап қалу.

Бізді ішкізген нәрсені тағдыр дейді,
Сізді ішкізген нәрсені жан білмейді.
Біз ішкенде бұзамыз "ой шектеуін",
Сіз ішкенде елдегі заң жүрмейді.

Біз ішкен соң сөз бенен өсек қалар,
Сіз ішкен соң қыз бенен төсек қалар.
Қызды "түскіш" дейді де қармаққа өзі,
Бізді ішкіш көреді, десек те олар.

Солай солай... бар бізде қос түрлі ішу,
Бірі - момын, ал бірі - тасқынды ішу,
Біздің ішу тежеулі, тоқтамды ішу,
Сіздің ішу ежелгі - "дәстүрлі" ішу.

Бір мәйхана. Сен, бірақ, қиырдасың!
Ең жақын һәм ең жырақ жиындасың.
Кенеземді кептіріп тастаса да,
Сізбен ішу "бақыты" бұйырмасын!

Антиутопия

Қане, көрсет, бар болса бас бармағың!
Тыңда мені, батырым, жасқанбағын!
Бар болса, ортан терек, балаң үйрек,
Тамаша бұл дегенің! О, ғанибет.
Бас бармақтың жұлқып тарт жағасынан,
Өткіз әлгі "екеудің" арасынан.
Жұдырық қып жұма сал қалғандарын,
Қара, қандай әдемі армандарың!

The Mamas and the Papas - California dreamin’ Калифорния арманым (аударма)

Жапырақтар қоп-қоңыр, аспанда сұр түс бүгін.
Серуенге шыққанмын, қала кезіп қысты күн.
Бәлкім, Лос-Анджелесте бәрі өзгеше болар ма ед(і),
Калифорния – сағыныш, Калифорния – қысқы мұң.

Аяңдаумен ақыры, аялдадым шіркеуге,
Тізем бүктім діншілдей, көлгірсиді құр кеуде.
Сен білесің пірадар сүйетінін суықты,
Ол біледі ұзақ күн қаларымды бұл жерде.
Калифорния – сағыныш, Калифорния – қысқы мұң.

Жапырақтар қоп-қоңыр, аспанда сұр түс бүгін.
Серуенге шыққанмын, қала кезіп қысты күн.
Берген сертім болмаса кетер едім бүгін-ақ...
Калифорния – сағыныш, Калифорния – қысқы мұң.

Сурет
(микропоэма)

I

Екі, екі, жердегінің бәрі екі,
Тілек екі, жүрек екі, жол екі.
Қақ бөлініп Донбасс қалды, түгіндеп,
Қара албасты тұтатқандай темекі.

Ібіліс тұр қала үстінде масайрап,
Жесір қалды жасыл аймақ, жас аймақ.
Босағада жылауық жел боздайды,
Шерлі шаһар шат тірліктен босай қап.

Бұлт астында балқып жатыр сайқал-Күн,
Сайқал-Күнің нөсер болып айтар мұң.
Қарқылдайды қақ бөлінген қалада,
Асыранды қарғалары Шайтанның.

Саябақ та сәби сынды кекілді,
Жұбатқысы келеді жел жетімді.
Елегізген оралар деп екі ұлды,
Кәрі ананың соңғы үміті секілді

дірілдейді тұла бойы көп талдың.
Ортасында отыр кемпір жоқ-бардың.
Соқыр түнде шамы сөнбес шешейдің
Санасына тас атады сотқар мұң.

Екі есімді айтады ана күбірмен,
Екі сурет қабырғада ілінген.
Кәрі ананың соңғы үміті секілді,
Жалғыз шамның жалыны тұр дірілдеп.

Екі, екі, бір де – екі, бәрі – екі,
Қарт ананың қайғысы екі, зары екі.

II

Қыртыс маңдай, қатқыл дауыс командир
маңғаздана шегіп болып темекі,
«Қанды» өмірдің соңғы әмірін жеткізді,
Жаны құрсау сарбаз дабыл қағарда:
«Қаймықпаңдар қас дұшпаннан, бар алға!

Аяшылық жасамаңдар адамға,
Қашар болсаң, жасар болсаң кері қадам,
Өз-өзіңді атып өлтір одан да».
Екі Отанның ерегесіп ерлері,
Екі мүдде кескілесті алаңда.

Ұнғы біткен күткен сынды бұйрықты,
Оқтар ұшты жұлдыздардай құйрықты.
Алаң үсті «алақайлап» Ажал жүр,
Ат қып мінген уақыт дейтін жүйрікті.

Кеңкілдейді кеуделерден жан жұлып,
Алақ-жұлақ қос көзіне қан жүріп.
Сөніп жатты білте шамның отындай,
Өліп жатты жанмен бірге мәңгі үміт.

Ұрыс іші бірін-бірі көрді айқын,
Екі сарбаз көрінбейтін жаудай тым.
Екі жанар іздеп тапты бір-бірін,
Екі жанар бір-бірінен аумайтын.

Жатқанымен жүректерге сыз кіріп,
«Дұшпан көзде» тұнып тұрды ізгілік.
Қақтығысқан қалың әскер ішінде,
Қарайды үнсіз екі жанар үздігіп.

Екі жанар, екі мүдде, ел екі,
Қан майданда болмайды ешбір жол екі.

III

Екі Отанда егізі бар есейген,
Бір ай бұрын хабар келді шешейге:
Украина сарбаз қыпты біреуін,
Бір сыңары сап түзепті Ресейде.

Бұдан асқан қайғы бар ма тірлікте?
Тірлікте бар бұдан асқан сұмдық не?
Екі Отан шідерлейді екі ұлды,
Екі мүдде жібермейді бірлікке.

(Қолдамайды, қорғамайды кім елін?!)
Келген хабар қақ бөлді ана жүрегін.
Қан майданда болмайды ешбір жол екі,
Бірі өмір сүруі керек, бірі – өлім.

Жылайды ана: үміті – екі, мұңы – екі,
қай Отанға білмей жеңіс тілерін?!

Нәзік демі шам отындай дірілдеп,
Елжірейді екі есімді күбірлеп.
Енді қайтіп, қалай көзі ілінбек?
Қабырғада қос сурет тұр күлімдеп.

IV

Темекінің тұқылындай таптаған,
Оты сөніп, шала бықсып жатты алаң.
Қан жылаған секілді анау сайқал-Күн,
Жердің беті өлекселер қаптаған.

Қан майданнан аман қалған халықты,
Таң қалдырған бір қызық жайт болыпты:
Өліктерді көміп жүріп бір пақыр,
Қос дұшпаннан бірдей сурет тауыпты.

Пақырыңның саусақтары дірілдеп,
Дұға оқыды көк-сұр ерні күбірлеп.
Екі дұшпан сақтап жүрген суретте
Жалғыз ана қарап тұрды күлімдеп.

Қаралы жұрт қарап таңдай қағады,
Қос сарбазға сұлап жатқан тәні өлі,
Тұлғасы бір, әлпеті бір, бәрі бір,
Бөлегі – ту, иықтағы погоны.

Сонда пақыр көргеніне шыдамай,
Ағытылып ағыл-тегіл жылады-ай:
«Сұм соғыс-ай, бірге туған бауыр да,
Сен деп дұшпан бола ма енді, бұ қалай?»

Асып түстік хайуандық жолақтан,
Кешір бізді, Адамзатты, Жаратқан.
Егіз ерлер - бір-біріне оқ атқан,
Егіз елдер - бір-біріне оқ атқан.

Екі ұлы үшін жылайды үнсіз кәрі ана,
Екі ел үшін жылайды үнсіз Жер-Ана.
Бірін-бірі жұтады олар тоқтаусыз,
Ажал қарнын тойдырады арада.

Тұл анаға қос төсбелгі ап келер,
Қос төсбелгі бір жүректі қақ бөлер.
Украина ерлігі үшін даңқ берер,
Ресей де ерлігі үшін даңқ берер.

Қос төсбелгі құлпытастай екі ерге,
Шейіт болған шыбын жан-ай бекерге.
Сен де сыяр, мен де сыяр едім ғой,
Жер дейтұғын ғаламшарға, мекенге.

Ел болды ма көр көбейтіп көгерген,
Жер көбейтіп, адам санын шегерген?
Біз, бәріміз – егіздері тұл Жердің,
Нәсіл бөлек, ұлтым басқа дегенмен.

Сонша бауыр – жойылған ұлт, нешеме ел,
Жеңіс – жоқтау! Ал жоқтаудың несі өнер?
Құдай «бармын!» дегенменен, ұқпадық,
Ал қайтеміз Құдай «Жермін!» десе егер?

Ажал қарнын тойдырады арада,
Болған күні халық дұшпан, ел ала.
Үнсіз қайғы жұтар енді кәрі ана,
Жансыздарды жұтар енді Жер-Ана.

Бейіт басы ана қалар қаралы,
Кім өлсе де, ана болар жаралы.
Ей, Адамзат, жылатпа Жер-Ананы,
Күнәларды кешірмейді ол әлі..."

V

Бұлт артынан сығалайды ерке Күн,
Өнші құстар қайта оралды көркем үн.
Қала үстінде Ібіліс тұр шаттанып,
Қалай қызық етемін деп ертеңін.

Ұмыт бәрі - туған сынды ел жаңа,
Ылди жақта ыңырсиды жел ғана.
Жылауық жел босағада боздайды,
Қайдасың? -, деп, - қасіретті, шерлі ана.

Бәрі орнында - болмағандай кеше күн,
сөнбегендей жарық шамы көшенің.
Ылди жақта жалғыз үй бар. Сол үйдің

өшкен шамы жанбағалы неше күн...